

Атырау облысы Білім беру басқармасының Жылыой ауданы білім бөлімінің «№9 жалпы орта білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша білім беру процесіне қатысушылар сауалнамасының нәтижесіне талдау.

1. Білім алушылар сауалнамасының нәтижесіне талдау

Сауалнамаға 4-сыныптың 177 және 9-сыныптың 157 білім алушысы, яғни білім алушылардың 48 пайызы қатынасты. Сауалнама нәтижесіне тоқталсақ, өз мектебінде оқуға қызығатын білім алушылар 94 пайызы келісетінін, тек 4 пайызына келіспейтінін, 2 пайызы толық келіспейтінін білдірген. Білім алушылардың 93 пайызы мектепте сүйікті заттары бар екенін, 6 пайызы келіспейтінін, 1 пайызы мүлдем ұнататын заты жоқ десе, 98 пайызы сүйікті мұғалімдері бар екенін, тек 2 пайызы мұғалімдерді ұнатпайынын, 0 пайызы толық келіспейтінін көрсеткен. Мектеп мұғалімдерінің қиын жағдайда кеңес пен көмек беруге дайын екеніне білім алушылардың 95 пайызы сенімді болса, 5 пайызы сенімсіз. Сабақта өз пікірін еркін білім алушылардың 84 пайызы айта алса, 16 пайызы мүлде айта алмайтынын көрсеткен. Білім алушылардың 90 пайызы сабақта мұғалім олардың мінез-құлқын емес, білімін бағалайды деп есептейді. Бұл пікірмен 8 пайызы мүлдем келіспесе, 2 пайызы мінез-құлқын бағалайтынына сенімді. Білім алушылардың 41 пайызы мектепте жиі шаршамайтынын, 59 пайызы шаршайтындықтарын көрсеткен. Бұл білім алушылардың өз уақыттарын тиімді, пайдалы жұмсамайтындықтарынан, күн режимін сақтамайтындықтан деп санаймыз. Өткізілетін дербес және жиынтық жұмыстардың саны бір күнде екіден көп санайтын білім алушылардың 60 пайызы, 40 пайызы олай санамайды. Мектепті өзіне қауіпсіз, психологиялық тұрғыдан ыңғайлы білім алушылардың 86 пайызы сезінсе, 14 пайызы бұл жауаппен келіспейді. Мектептегі тамақтану сапасы білім алушылардың 80 пайызын қанағаттандырса, 20 пайызының көңілінен шықпай тұр. Білім алушылардың 93 пайызы өз құқығын білетініне сенімді, ал 7 пайызы сенімсіз. 56 пайыз білім алушы үйірме, секцияларға қатынасса, 44 пайызы қатынаспайтынын білдірген. Мектеп істеріне қатынасуға деген ұмтылыс пен қажеттілік 79 пайыз білім алушыда бар, тек 21 пайызы ғана келіспей отыр. Білім алушылардың 89 пайызы пайдалы және маңызды нәрсе жасаған кезде жетістіктерінің бағаланатынын білдірсе, 11 пайызы жетістіктерінің бағаланбайтынын көрсеткен. Өз мектебін жақсы көріп және онда оқығанын 97 пайыз білім алушы мақтан етсе, 3 пайызы келіспейтінін білдірген. Білім алушыларға «сіздерге не ұнамайды және нені түзеткіңіз келеді?» деген сұраққа. 12% сабақтар қызық емес, 9% мұғалімдердің әділетсіздігі, 8% балалар арасындағы кикілжің, 28% көптеген үй тапсырмасы, 55% мектептердің материалдық жағдайы - деп жауап берген.

Жүргізілген сауалнама нәтижесін талдап, білім алушылар пікірі есепке алына ұсыныстар алынды:

1. Мұғалімдердің білім алушыларды қызықтыратындай, білуге деген ынтасын арттыратындай сабақта тиімді әдістер қолдану;
2. Білім алушыларды бағалауда бағалаудың түрлері мен әдістерін ұтымды пайдалану арқылы әр оқушының қабілеттері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, 45 минут сабақ жүргізуді жолға қою;

2. Педагогтер сауалнамасының нәтижесіне талдау

Мектеп педагогикалық құрамында 118 педагог, оның ішінде 11 педагог бала күтімі бойынша демалыста, 1 денсаулығына байланысты ақысыз күнде, сауалнамаға 106, педагог яғни 89 мұғалім қатынасты.

Сауалнама нәтижесіне тоқталсақ, мектеп ұжымының педагогтері 99 пайыз өз мектебінде жұмыс істейтіндіктерін мақтан тұтатынын көсеткен тек 1 пайызы келіспейді. 88 пайызы тиімді әдістемелік көмек алатынын көрсетсе, 12 пайызы келіспейтінін, 1 пайызы толық келіспейтінін көрсетті. Мектептегі еңбек жағдайына 95 пайызы қанағаттанатынын білдірсе, 5 пайызы қанағаттанбайды екен. Мектеп әкімшілігінің жұмыс стиліне 92 пайыз педагогикалық ұжым қанағаттанады, 8 пайызы келіспейтінін көрсетті. Мектеп оқушылар арасындағы жанжалды тоқтататынына, тиімді шешетініне 96 пайыз сенімді болса, 4 пайызы сенімсіздеу екенін белгіледі. Мектептің оқу материалдық базасы 72 пайыз педагогтері қанағаттанса, 28 пайызы қанағаттанбайды. Ұжымда қолайлы моральдық психологиялық ахуал бар деп 87 пайыз ұжым мүшелері көрсетсе, 15 пайызы келіспейді. Мектептегі тамақтану сапасына 15 пайыз әріптестеріміз қанағаттанбайтынын білдірген. Әр ұжым мүшесі әріптестерінің өзіне көмектесуге дайын екеніне 96 пайыз сенімді, қалған 4 пайызы сенімсіз. Оқу сабақтарын сәтті өткізу үшін мектеп барлық қажетті оқу әдістемелік, техникалық құралдарды ұсынып отырғанына 64 пайыз педагогтер келіседі. Мектепте кәсіби және шығармашылық өсу үшін әр педагогке жағдай жасалғанына 89 пайыз педагог сенімді болса, 11 пайызы сенімсіз. Педагогтерді көтермелеудің белгіленген әдістеріне 13 пайыз педагогтен басқасы жақсы көзқараста екенін білдірген. Мектеп білім алушылардың білімге деген ұмтылысы бар екеніне 89 пайыз педагогтер сенімді және өздерінің оқушылармен қарым қатынасына 99 пайыз қанағаттанады. Әр сынып жетекші өз жұмысына 99 пайыз қанағаттанады. Қанағаттанбайтын 1 пайыз сынып жетекші өз жұмыстарын жандандырады деп ойлауға негіз бар. Мектеп педагогикалық ұжымының айтатын шағым жоқ. Ұсыныс, ескерту айтылса, түзеуге ұмтыламыз. Сын айтпай мін түзелмейді.

3. Ата-аналар сауалнамасының нәтижесіне талдау

Сауалнамаға 4 және 9 сыныптың білім алушыларының 165 ата-анасы қатынасты.

Сауалнама нәтижесіне тоқталсақ, ата-ананың 93 пайызы баласының мектепке қуана баратынын, 89 пайызы баласының сыныбында қолайлы атмосфера бар деп есептейді. Ата-аналардың 88 пайызы мектепте сапалы білім беріледі деп санаса, 12 пайызы келіспейтінін көрсеткен. Оқу пәндері баласына қиындықпен беріледі деп 11 пайыз ата-ана көрсеткен, ал 89 пайызы оңай беріледі деген. Мұғалімдердің баласының оқудағы жетістіктерін әділ бағалайды деп ата-ананың 89 пайызы санаса, 11 пайызы келіспейді. Ата-ананың тек 6 пайызы ғана оқу сабақтары мен үй тапсырмалары шамадан тыс жүктеледі деп санайды. Мектепте қолданылатын оқытудың жаңа тәсілдері баланың дамуына жағдай жасайды деп 85 пайыз ата-ана есептесе, баланың жетістігі мен мінез-құлқы туралы ақпараттану сапасына 93 пайыз ата-ана риза. Сонымен қатар мектептегі сабақтан тыс жұмыс бағдарламасына 83 пайыз аралығында ата-аналар қанағаттанатынын білдірсе, 97 пайызы сынып жетекшісінің жұмыстарына риза. 84 пайыз ата-ана мектепте қызықты іс-шаралар өтеді деп көрсеткен. Мектептегі асхана, буфет жұмысына 28 пайыз ата-ана көңілі толмай отыр. 91 пайыз ата-ана педагогтер педагогикалық этика нормаларын сақтайды деп санаса, 96 пайыз ата-ана мектепте балаларының қауіпсіздігі толық сақталған деп санайды. Балаларының денсаулығына мектептің қамқорлығын ата-аналардың 94 пайызы сезінсе, мектеп әкімшілігінің жұмысына 84 пайыз ата-ана толық қанағаттанады. Ата-аналардың 86 пайызы мектеп өміріне араласуға белсенділік танытып отырса, 14 пайыз ата-ана ниет етпей отыр. Дегенмен 85 пайыз бұл да қуантарлық жағдай.

Жалпы ата-аналардың мектепке айтар ұсыныстарын білдірмеді, білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне айтар шағымдары жоқ.

<https://t.me/+z5ryCsexBNRiZWQy> Оқушылар

<https://t.me/+1Vang73KS7phMTRi> Мұғалімдер

https://t.me/+_SzEZ9O80otiZGVi Ата-ана

Мектеп директоры:

Г.Б. Серикова